

16.02.2011 35

«Өмір сүруге және өмірдің рахатын көруге лайықты бір-ақ адам бар. Ол-өзінің алдына ізгі мақсат қойып, соның жолында өнегелі іс тындыратын немесе тереңнен ой толғап, артына сөз қалдыратын адам. Ал әркімнің нақты қандай қызметпен шұғылданатынын торабы тоқсан түрлі табиғаттың өзі айтып береді» – деген екен сонау көне заман ойшылы Саллюстий. Бұл адам өміріне, оның маңызына деген талаптың ең биік өлшемі. Осы өктем талапқа сай келгендер данышпан Абай көксеген «бүтін адам», Абай армандаған «толық адам». Академик Зиманов туралы сөз қозғағанымызда адами қасиеттің жоғарыда айтылған ең биік өлшемдерін нысанаға алғанымыз дұрыс сияқты. Өйткені, қазақ руханиятын зерттеуді, оны дамытуды өзіне мақсат етіп, оларды орындау жолында келелі істің өнегелі үлгісін көрсеткен Сәкенді де «толық адам» деуімізге толық негіз бар. Салық Зиманұлы – заңгер.

Өткен ғасырдың 50-ші жылдары Қазақстанда алғашқы ашылған заң институтының бірінші директоры. Ол жоғары оқу орны Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі Әл-Фараби университеті) құрамына кіргеннен кейін осы университеттің заң факультетінің тұңғыш деканы болды. Ал сол ғасырдың 60-70-ші жылдары Қазақстан Ғылым академиясында алғашқы ашылған Философия және құқық ғылыми-зерттеу институтының тұңғыш директоры, 90-шы жылдары академияның мемлекет және құқық ғылыми институтының директоры, ғасырдың соңында академиялық заң университетін құрушы әрі ректоры. Сөйтіп, 60 жылдан аса осы бір маңызы зор ғылым саласының үзбей көшбасшысы болып келе жатыр. Енді академик Зимановтың қаламынан шыққан еңбектерге тоқталсақ, ең алдымен оны ұлттық мемлекет, ұлттық мемлекеттілік құрылыстың теориясын, тұжырымдамасын, методологиясын, бір сөзбен айтқанда осы саланың ғылыми негізін жасаған ғалым деуіміз керек. Сонау өткен ғасырдың 50-ші жылдарынан бастап Сәкен бұл саланың бас теоретигі, бас идеологы дәрежесінде келе жатыр. Қазақ қоғамының өткен дәуірлердегі ұлттық мемлекеттік болмысы, еліміздің саяси және құқық даму тарихы, Қазақстан мен Орта Азияда азаттық идеяларының тууы мен даму эволюциясы, билер институты, оның әлемдік маңызы, кешегі кеңес дәуіріндегі республикалардағы мемлекеттік құрылыс, оның қайшылықтары, ұлттық мемлекетті құрудың басты талаптары мен шешуші тетіктері – осы проблемалар Салық Зиманұлының еңбектерінің негізгі арқауы болды.

Ұлттық мемлекетті тұрғызуда тарих қойнауының әр кезеңдерінде болған өз тәжірибемізбен қатар әлемдегі озық үлгілермен молынан суарылған бұл еңбектер мамандар назарын аударып, Сәкенді Кеңес Одағындағы осы саланың жетекші ғалымы дәрежесіне көтерді. Ұлттық мемлекет құру қай халықтың болса да өзекті және оның жанына жақын, нәзік проблема. Бұл салада ғылыми ізденіс жасаған, қалам тартқан азаматқа оның еліне, халқына деген сүйіспеншілігіне ерекше талап қойылады. Осы тұрғыдан Салық Зиманұлының ұлтжандылығы, мемлекеттілігі, өзінің терең білімімен ұлттық мемлекетті құру, дамыту, сақтау жолындағы күресі, азаматтық ұстанымы халықтың оған зор құрметін әкелді. Кешегі партиялық идеологиялық құрсау, тоқырау кездерінде Одақ көлемінде бір топ сол кезде айтқаны жүріп тұрған заңгер-шовинистер ұлттық мемлекет енді керек емес, ол кеңес тұсында өзінің тарихи миссиясын жойды, өз міндеттерін атқарып бітті, енді

«кеңес заңы, кеңес мемлекеті» қалыптасты деген идеяны тарата бастады. Және де оны қоғам санасына, адам санасына енгізудің әртүрлі шараларын жасады. Салық Зиманұлы осындай зымиян саясатқа Одақ көлемінде ашық қарсы тұрғандардың бірі, тіпті бірі емес, бірегейі болды. «Ұлттық мемлекеттілік – әр халықтың өз қоғамын ұйымдастырып, дамыту жолындағы табиғи саты. Ол өз маңызын жоғалтқан жоқ, жоғалтпайды да. Өйткені, халықтың өзін-өзі билеуінің ұйымдық, ұжымдық, әкімшілік негізі. Тиісті жағдайлар туғанда халықтың өзін-өзі билеу еркіндігі, тәуелсіздігі ұлттық мемлекет болып қалыптасуға әкеледі», деп көрсетіп еді Салық Зиманұлы. Ғалым айтқандай тиісті жағдайлар туып, осыдан 20 жыл бұрын біз, Қазақ елі, егемендік алып, тәуелсіздіктің туын көтердік. Заман талабына сай ұлттық мемлекет құру ісіне кірістік. Осы кезеңде де Сәкеннің ғалым, азаматтық биік тұлғасы тағы да шың басынан көрінді. Ұлттық мемлекеттік құрылыс саласында жетекші маман ретінде егемендікті заңдастырып, іргесін бекіту ісіне белсене араласты. Сол уақыттағы Жоғарғы Кеңесте Тәуелсіз мемлекет декларациясын қабылдау барысында Салық Зиманұлы ертеден кешке дейін мінбеден түспей депутаттар алдында ұсынылған жобаның, оның әрбір бабының бірден бір дұрыстығын, әлемдегі осы саладағы үлгілерге толық сәйкестігін бұлтартпай дәлелдеп, тарихи, дұрыс шешім алуға ерекше үлес қосқанын біздер мақтанышпен айтамыз. Салық Зиманұлының ғылыми еңбектеріне қайта оралсақ, ең алдымен олар ғасырлар қойнауынан сыр тартқан, кешегі Алаш зиялыларының күресі мен асыл арманының рухани жалғасы іспетті. Олар армандаған тәуелсіздікті, халықты өркениет жолына түсіреміз деген үміт-мақсатын Сәкен терең түсіне білді. Осы мақсат оны өткен ғасыр басындағы Қазақ елін саяси оятуға ең алғашқылардың бірі болып ат салысқан «Айқап» журналы, оның баспагері Мұхамеджан Сералин туралы ауқымды ғылыми ізденіске шақырды. Кезінде «Айқап» журналы, оны шығарушы азамат туралы әртүрлі, оның ішінде теріс пікірлер де айтылғанын білеміз. Ал барынша толық және дәлелді пікірді ғалым Зиманов айта білді деуімізге толық негіз бар. «Айқап» – Қазақ елінің демократиялық, азаттық бағытты ұстаған тұңғыш журналы, ол халықтың ағартушылық әлеміне жол ашты. Журналдың тарихи маңызы осында», деп көрсетті Сәкен. Кешегі идеологиялық құрсау кезеңінде Алаш зиялыларын, жалпы ұлт-азаттық ісіне араласқан ұлт азаматтарының біреуін «консерватор», екіншісін «клерикал», үшіншісін «реакционер», төртіншісін «панисламист», тағы-тағылар деп байыбына жетпей атүсті әртүрлі топтарға жіктеу ғылымда да, саяси-әлеуметтік өмірімізде де орын алған болатын. Ғасыр басындағы азаттық үшін арпалыс тарихын терең зерттеген Салық Зиманұлы осындай жіктеу шындыққа жараспайды деп тұжырымдады және оны ашық айтты. Тек ашық пікір айтумен шектелген жоқ, өзінің және шәкірттерінің тынбай ізденістерінің арқасында Бақтыгерей Құлманов, Жақып Ақбаев, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Бақытжан Қаратаев, Сейітқали Меңдешев, Ғұмар Қарашев, Ишанғали Меңдіханов, Сақыпкерей Арғыншиев сияқты қазақтың біртуар азаматтарын оларға нақақтан жабылған жаладан арашалап, бұл арыстарымыздың мақтауға, мақтануға тұратын ұлт перзенттері екенін дәлелдеді. Сөйтіп есімін елге, еңбектерін рухани қорымызға қосты. Осыған байланысты атақты тарихшы, академик Манаш Қозыбаевтың Салық Зиманұлы туралы айтқан мына бір айшықты ойлары еске түседі.

«Біз білетін ХХ ғасыр «жанталас ғасыры», «аласапыран ғасыры», «арман ғасыры», «тәуелсіздік ғасыры» деп бөлсек – дейді Мәкен, – онда өмір сүрген «оян ғасыр ұрпағы», «алысқандар, арпалысқандар, атылғандар ұрпағы», «жеңімпаздар ұрпағы», «тәуелсіздік ұрпағы» болып шығар еді. Егер «Оян ғасыр» ұрпағы ұлтты оятамын деп армандап

заманмен жарысса, алысқандар, арпалысқандар, атылғандар ұрпағы Алашорда мемлекеттігін тігеміз, ең болмағанда қуыршақ Кеңес автономиясына нәр құйып, өмір сүреміз деп алысыпты. Салық аға сияқты ұрпақ еншісіне алдыңғы толқын ағалардың арман- мұратын орындау тиіпті, сөйтіп, Жаратқан ием жар болып, жеңімпаздар перзентін аялап сүйіпті. Ендеше біз бүгін тарихи сабақтастықты еске алсақ Сәкен, біздер, Қаныш, Мұхтар, Марғұлан және тағы басқа алыптардың иығына асылып барып, соларды білек, тілек, жүрек етіп, ұлт-азаттық қозғалысының көсемдері Әлихан, Ахмет, Міржақып, Мұстафа, Мұхаметжан, Халел, т.б. Алаш зиялыларының ісін жалғағандаймыз... Шынын айтсам, Салық Зиманұлы көп жағдайда жаңа заманның Әлихан Бөкейхан-овын елестетеді». Бұл сөз кейіпкеріміздің қазіргі қоғамдағы орнын дәл тауып айтылған пікір. Өткен ғасырдың 30-50-ші жылдары. Бұл кезеңдегі нәубетті бәріміз жақсы білеміз. Білетініміз, зорлығы мен қорлығы мол, әділдігі жоқ империялық саясаттың бетін ашып, сөз айтатын ғалым, қайраткерлерді табу қиын болды ол кезеңдерде. Міне, сол уақытта, дәлірек айтсақ өткен ғасырдың 50-60-шы жылдары, Салық Зиманұлының «Общественный строй казахов первой половины XIX века», «Политический строй Казахстана в конце XVIII и первой половине XIX века» атты көлемді еңбектері жарыққа шықты. Оларда еліміздің тарихындағы ең бір күрделі кезең – ғасырлар бойы қалыптасқан хандық басқару жүйесі жойылып, Қазақ елінің Ресей империясына ену қарсаңындағы, Ресейдің құрамына кіргендегі саяси құрылысы, қоғамдық қатынастар, патша үкіметінің Қазақстанды отарлауы мен оның әдістері, осылардың қазақ қоғамының әлеуметтік-экономикалық дамуына тигізген әсері жан-жақты зерттелді. Жоғарыдағы еңбектердің қазіргі күнге дейін маңызын жоғалтпаған төрт қырын айтуымыз керек. Біріншіден, қазақ қоғамы, оның саяси құрылысы, мемлекеттілігі сонау көне заманнан бастап терең шолынды; екіншіден – XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдың басындағы Қазақ еліндегі шаруашылық жүйесі, ел тұрмысы, дәстүрлі түрде қалыптасқан және жаңадан ене бастаған меншік қатынастары, қазақ қоғамының әртүрлі жіктері – сұлтандар мен билер, феодалдар, шаруалардың әлеуметтік орны, көзқарасы жан-жақты зерттелді, үшіншіден – Қазақстандағы ұлттық мемлекеттік құрылыс, оның даму ерекшеліктері, оларды туғызған ішкі және сыртқы жағдайлар терең де, алғашқы рет ғылыми негізде баяндалды, төртіншіден – осы еңбектерін Салық Зиманұлы патшалық Ресейдің отаршылдық саясатын, оның Қазақ еліне әкелген зиянын әшкерелеуге бағыттады. Оған мысал ретінде: «Русское правительство в целях колонизации было заинтересовано в установлении в казахской степи гражданского мира, оседлости и развитии земледелия» деп сол кезде айтылған бір пікірге Салық Зиманұлының қайтарған жауабын келтірелік. Жоғарыдағы сөзге Сәкен: «Автор явно увлекается колониальной политикой царизма и вследствие этого делает поспешные выводы. Во-первых, основной целью политико-экономических мер, к которым прибегало правительство (царское – К.С.) в Казахстане, было превращение его в окраинную колонию империи со всеми вытекающими отсюда последствиями; во-вторых, нельзя утверждать, что ограниченная политика, в некоторой степени способствующая развитию оседлости и земледелия среди кочевников, должна была «привести к полному подчинению племенно-феодалного общества» казахов к русскому государству; в-третьих, попытка представить царское правительство как силу, заинтересованную в установлении «гражданского мира», оседлости и развития земледелия в Казахстане, по меньшей мере является наивной», деп тойтарыс беріп еді. Отарлаушылық саясатын ашық түрде әшкерелеп айтылған осы сөздерінде Салық Зиманұлының азаматтық позициясы, биік азаматтық тұлғасы айқын көрініп-ақ тұр. Академик Зимановтың өзінің әріптесі А.Атишевпен қосылып қаламынан

шыққан тағы бір көлемді еңбек – «Политические взгляды Чокана Валиханова». Шоқанның өз ортамыздан шыққан ерекше дарынды ғалым, этнограф, қоғам қайраткері екенін білеміз.

Сонау XIX ғасырда оның білім, дүниетану, қоғам туралы прогресшіл көзқарасының деңгейіне жете алған бірде-бір қазақ болған жоқ. Шоқанның еңбектерін жарыққа шығаруға көп еңбек сіңірген академик Н.Веселовский «орыс ориенталистері оны бірауыздан заңғайыр құбылыс (феноменальное явление) – деп мақұлдады» десе, Шоқанның досы Григорий Потанин: «Егер қазақтар оқып, түсіне алып, оның дарынын бағалай алатын дәрежеге жетсе, ол өз халқының данышпаны болар еді» – деген еді. Міне, осындай тұлғаға құлай берілген академик Салық Зиманов Шоқанның көзқарасындағы ойларды негізге ала отырып патшалық Ресейдің өзінің шет аймақтарға жүргізген отаршылдық саясатын жан-жақты талдап, оның Қазақ еліне деген зиянын барынша толық көрсете білді. «Чокан Валиханов выступал против нововведений царского правительства в Казахстане, которые противоречили «народному быту и нраву», против перенесения готовых форм правления других народов на казахстанскую почву без изучения местных потребностей и специфических условий» – деп тұжырымдады Салық Зиманұлы. Шоқанның билік, басқару жүйесі, мемлекеттік құрылыс, олардың даму бағыттары туралы көзқарастарын талдау ба-рысында XIX ғасырдағы қазақ қоғамы, оның саяси құрылысы, күрделі қайшылықтары баяндалды. Бұлар да ғылымда айтылған тың пікірлер болды. Академик Зиманов көрсете білген Шоқан Уәлихановтың мына бір пікірі осы заманда да өзінің маңызын жойған жоқ: «В наше время самым важными и близкими для народа считаются реформы экономические и социальные, прямо касающиеся насущных нужд народа, а реформы политические допускаются как средство для проведения нужных экономических реформ». Сонау XIX ғасырда айтылған осы ұтқыр пікір біздің заманымызда Президент Назарбаев жүргізіп отырған «алдымен экономика» саясатымен тікелей үндесіп жатқан жоқ па! Салық Зиманұлының жоғарыда аталған еңбектері, сонымен қатар оның қаламынан шыққан «Россия и Букеевская Орда», «От освободительных идей к советской государственности в Бухаре и Хиве в конце XIX – начале XX века», оның жетекшілігімен шыққан үш томдық «История государства и права Казахстана» әмбебап ғалымның тағы бір қырын ашады. Ол тек қана заңгер емес, бірін-бірі табиғи түрде толықтыратын екі ғылым саласының – заң ғылымы мен тарих ғылымының аса көрнекті өкілі.

Сәкең заң саласында ғана емес, тарихшы ретінде де тек Қазақстанда ғана емес, сонымен қатар алыс-жақын елдерге де танымал ірі ғалым. «Қазақстанның заңгерлері мен тарихшыларының бұл күндері жұртшылыққа кеңінен танымал бірнеше ұрпағы өздерін мақтаныш сезіммен академик Салық Зиманұлының шәкірттеріміз деп санайды. Солардың қатарына мен өзімді де жатқызамын, өйткені 50-ші жылдардың екінші жартысында үлкен тебіреніспен отандық Ғылым академиясының табалдырығын аттап, зерттеу жұмыстарымен шұғылдана бастаған ұрпақ Салық ағаға және оның ғылымдағы замандастарына қарап ойымызды да, бойымызды да түзедік» – деп еді бүгін ортамызда жоқ көрнекті тарихшы, академик Кеңес Нұрпейісов. Сәкең 1957 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының философия және құқық секторын басқарып, 1958 жылы одан жеке-дара институт құрып, 11 жыл соның тұңғыш директоры қызметін атқарды. Бұл екі мамандықтың бастары тым әріден қосылатынын біздер жақсы білеміз. Дегенмен, институт құрамындағы тек құқық мамандары ғана емес, философтардың еңбегі де жемісті болғанын осы саланың жетекші мамандары академиктер Жабайхан Әбділдиннің, Ағын

Қасымжановтың, Әбдімәлік Нысанбаевтың аузынан әр кезде жиі естідік. Институтта Ж.Әбділдин басқарған диалектика зерттеу тобын құруды философ ғалымдар Салық Зиманұлының өзіне тән ғылыми интуициясының, жаңашылдығының, шығармашылық кредосының айқын айғағы дейді. Осы топ Қазақстан философтарының атағын тек Одақ көлемінде емес, әлем деңгейіне шығарды. «Салық Зиманұлы тоқтап-тоқырауға төзбейтін, ескілікті, пасықтықты, тұрпайылықты, шабандықты, қорқақтықты, сатқындықты маңайына жолатпайтын, әрқашан өмір талабының үдесінен шығуға, тіпті озық жүруге талпынатын, қандай мәселені болмасын жылдам, әрі ұтымды шешуге ұмтылатын. Дәл қырық жыл Сәкенді танып-біліп, ол кісімен қатар жүргеніме қуаныштымын» – деп еді көрнекті философ Мұрат Сабитов. «Философия, заң саласында қалыптасқан көне грек, римдік дәстүр, ал Ресейде атақты Плевако, Кони есімдері әсер етпеді деу қиын. Кейде ой келеді, Сәкен осылардың бәрінен хабардар, еңбектерімен таныс, шамасы кезінде ұқсап бағуға да ұмтылыс жасаған-ау деп. Осы үш қайнар әсері ешкімге ұқсамайтын қазақтың топырағындағы Зимановтың шешендік шеберлігін қалыптастырды». Бұл пікірді айтқан экономист, белгілі ғалым, академик Аманжол Қошанов. XX ғасырдағы қазақ өркениетінің ерекше бір сипаты оның білім, ғылым салаларымен байланыстылығы. Бұрынғы тарихында болмаған өркениеттің осы бір өте маңызды екі арнасы Қазақ еліне осы ғасырда келді. Барған сайын тереңдеп, кеңейіп, кемел шағына жеткенше қарқынды даму үстінде болды.

Қазақ елінде болашақтың қара шаңырағы – ғылым шаңырағы бой көтерді. Ғалымы мен ғылыми дәрежесімен Ресей, Украинадан кейін кешегі совет империясында үшінші жоғарғы орынға табан тіреді. Талай-талай іргелі жаңалықтар ашып, жер қойнауының байлығын халық игілігіне ұсынып, Қазақстан экономикасын жаңа технологиялармен суарды. Кешегі өткен замандағы да, бүгінгі егемендік тұсымызда да ел экономикасының негізі болып отырған Теміртаудағы қара металлургия, Жезқазған, Балқаш, Өскемендегі түсті металлургия, Павлодардағы, Қарағандыдағы, Шымкенттегі, Оралдағы, Қостанайдағы ірі өндіріс орындары Қазақстан ғалымдары жасаған технологиямен жұмыс істеуде. Ұзын саны 20 шақты өте дамыған, дамып келе жатқан әлем елдері де біздегі технологияларды өз елдеріне қолдануға ынталы болды. Сол мемлекеттерге қазір барсаң да Қазақстаннан сатып алынған технологиялардың лицензияларын көресің. 1994-1995 жылдары Біріккен Ұлттар Ұйымының сарапшылары Қазақстанға келіп, ғылыми мекемелердің жұмысымен жан-жақты танысып, шығарған мына бір қорытындысын келтіргеніміз де дұрыс болар: «Ценность казахстанских институтов высоких технологий настолько высока, что они могут способствовать успешному развитию страны и вывести ее в ряд развитых государств. Более того, казахстанские научные центры не только обладают отличительной компетенцией в специфических технологиях, они также владеют мастерством исследования. Причем сравнительно менее дороже, чем подобное мастерство можно приобрести в развитых странах». Арнасы кең дамыған ғылым біздің дүниетанымымызды, ой-санамызды түбегейлі өзгертті. Мұның негізін қалап, жасаған алыптар тобы еді. Иә, өткен ғасырдың 80-ші жылдарында мұны Ғабит Мүсірепов айтқан. Мұхтар Әуезов бастаған алдындағы ағаларын алыптар тобы деп еді. Ал үстіміздегі ғасыр басында академик Манаш Қозыбаев Ахмет Байтұрсыновты, Ахмет Жұбановты, Мұқан Төлебаевты, Ілияс Омаровты, Күләш Байсейітованы, Серке Қожамқұловты, Шәкен Аймановты мәдениет саласындағы алыптар тобы деп, олардың рухани өміріміздің іргесін қалаудағы зор еңбегіне осылай баға берді. Ғылым планетасын да Қазақстанда алыптар шоғыры жасады деп айта аламыз. Ол планетаның ең жарық жұлдызы Қаныш Сәтбаев болса, ол бастаған

алыптар шоғырының есімдері өсімдіктер маманы Кәрім Мыңбаевпен, тарихшы-этнограф Әлкей Марғұланмен, энергетик Шафық Шокинмен, химик Әбікен Бектұровпен, математиктер Орынбек Жәутіковпен, Өмірзақ Сұлтанғазинмен, физиолог Нәйла Базановамен, геологтар Айтмұхамед Абдуллинмен, Шаһмардан Есеновпен, тау-кен инженері Әбілқас Сағыновпен, металлург Евней Бөкетовпен, түрколог Исмет Кеңесбаевпен, экономист Сақтаған Бәйішевпен, тарихшы Манаш Қозыбаевпен жалғасады. Жалпы ғылымдағы алыптар шоғыры деп Академияның барлық толық мүшелерін айтуымыздың да негізі бар. Өйткені олардың әрқайсысы Қазақстанда бұрын болмаған ғылым салаларының негізін қалаушылар. Олар өз салаларында ең кемі 30-40 жылдан тынбай ғылыми ізденіс жасап, олардың ашқан жаңалықтарына, жасампаздық қабілетіне көзі жеткенде ғана ғалымдар әлемі оларды академик дәрежесіне көтеріп отырды. Олар мансап қуғандар емес, керісінше академик болам деген министрлерді, басқа да мансапқорларды әрқашан өз ортасына жолатпай отырды. Академик Зиманов жастайынан ерекше дарынының арқасында осы алыптар шоғырының беделді өкілі бола білді. Жарты ғасырға жуық Ғылым академиясының толық мүшесі ретінде оның мәртебесі өсіп, еңбек тиімділігі биіктеп, дәрежесі тек Одақ көлемінде ғана емес, әлемде танылуына үлесін қосты. Академик деп ел құрметтеген атақ аты аталған алыптар тобының, оның ішінде Салық Зиманұлының есімдерімен, олардың ғылым әлеміндегі жауһар туындыларына байланысты ел санасына еніп еді. Қаныш Имантайұлы Сәтбаев: «Салық Зиманов заң ғылымдарының Қазақстанда негізін қалаушы», деп оған ерекше құрметпен қарағанын Сәкеннің әріптестері жиі айтады. Кеше егемендігіміздің алғашқы жылдарында үкімет ғылым ордасын таратып, оның орнына көптеген жасанды академиялар құрылып, ғалымдар, әсіресе жастар, ғылым шаңырағын тастап, басқа жақтарға кетуге мәжбүр болып, аталмыш сала орасан қиындықтарға тірелгенде, академиялық ғылымды тарату орнына қолдау керек, ол ел руханиятының алтын қазынасы деп бірінші болып дауыс көтерген де академик Зиманов болды.

Ал енді академик Зимановтың ғылыми еңбектеріне тағы бір қайтып оралайық. Сәкеннің ғылыми жетекшілігімен соңғы 5-6 жылдың ішінде 10 томдық Қазақтың ата заңдары туралы еңбек жарыққа шықты. Ғалымның өз сөзімен айтқанда бұл жинаққа «ғасырлар бойы шаң басқан тарихты тірілтіп, оны шындық сатысына көтеруімізді өзімізге міндет етіп алдық... Бұл көп томдық «көшпелі өркениет» дәуіріндегі қазақтың құқықтық жүйесінің адамзат тарихындағы қайталанбас бет-бейнесі бар сүбелі мұра екенін паш етеді». Осы еңбек қазақтың ата заңдары адамның табиғи құқықтары мен еркіндігі негізінде жасалғанын, олардың тұла бойы адами құндылықтарға тұнып тұрған өнеге екендігін көрсетеді. Кешегі отаршылдық және советтік тарихнамада қазақты «мешеу қалған, жабайы» халық, «патриархалдық-феодалдық» ел болды деген көзқарастардың теріс, шындыққа жанаспайтындығын дәлелдейді. Қазақтың өткен ғасырларда да ауқымды ел болғанын, оның мемлекеттік құрылымының тұғыры берік болғанын дәлелдейді. «Ортағасырлық қазақ қоғамының бүкіл құқықтық әлемінде негізгі билік «Дала заңының билігі болды – дейді Салық Зиманұлы – ал оның қорының сақтаушысы және жүзеге асырушы күші – билер болды». «Би төрттің құлы: адал еңбек, таза ниет, терең ой, әділдік» деген ереже-мәтел бізге көне заманнан келе жатыр. Билер және билер сотының тарихын және оның қоғамдағы рөлін академик Зиманов ұзақ жылдар тынбай зерттеу үстінде. Сонау өткен ғасырдың 60-жылдары КазГУ-де жасаған Абай туралы баяндамасында оның ақындығымен қатар іргелі би болғанын айтып, осы тың тақырыпты алғашқы көтерген Салық Зиманұлы болатын. «Абайды күні бүгінге дейін ұлы ақын деп қарап келдік. Бұл

орынды да, – дейді Сәкең. – Орынды болса да жеткіліксіз. Ұлы ақын өлең сөзбен бейнелеген жүрек сырын, терең ойын тек арманы етіп қалдырмаған. Сол үшін күрескен. Шешендік, билік жолы оның халықтық сана, болмысты биіктетудегі негізгі құралы саналған. Абай – тұтас тұлға. Оның би атануы, биліктері – тұтас тұлғаның күрделі болмысының бір қыры». Міне, осы тұстан, Абай тұсынан басталған билер соты туралы ізденістер тоқсанның төріне шыққан Сәкеңнің бүгінгі күндерінде де жалғасып отыр. Бұдан екі ғасыр бұрын орыс ориенталисі В.Григорьев қазақ еліндегі билер соты өзінің тамаша әділдігімен олардан өркениетке бұрын жеткен халықтарды да таңғалдырар еді деген екен. Билер соты «жоғары ізгілік пен адамгершілік соты» деген айшықты пікір де сол заманда айтылған. Оны өзіміз төл туындымыз екенін айта келіп, Шоқан Уәлиханов «билер соты, 50 жыл бойы орыс саясатының әсеріне қарамастан, бізге дейінгі жүздеген, бәлкім, мыңдаған жылдар бұрын қандай болса, сол қалпында қалды», депті.

Міне, қазақ өркениетінің жауһар жетістігін тынбай ізденістерден кейін ортамызға әкеліп, егемен елімізге, әлем өркениетіне тартқан ғалымның еңбегі нағыз ерлік емес пе! Салық Зиманұлының баршамыз үлгі де мақтаныш ететін тағы бір қыры оның қайраткерлігі. Қазір екінің біріне, оның қызметіне, орынтағына байланысты бере салатын қайраткерлік емес, ұлы істерде танылатын қайраткерлік. Кешегі Желтоқсан оқиғасынан кейін қазақ халқына «ұлтшыл» деген айдар тағылып, оған зиялылар қауымын сендіруге, көндіруге келген ең жоғары лауазымды партия басшыларына: «Сіздердің ұлтшылдық айыптарыңыз дұрыс емес. Сонау кездерде Лениннің айтқан пікірі поляк социал-демократтары, еврейлердің «Бунд» партиясы туралы болған. Оның қазақтарға қатысы жоқ. Қазақ халқы ұлтшыл емес, ол алдағы уақытта да өз сағын сындырмай, бойын биік ұстайды», деп айта алған жалғыз ғана Зиманов болатын. Теория жағынан пәрменсіз партия басшылары бұған ештеңе дей алмай, шовинистік тізгінін тартуға мәжбүр болып еді. Тәуелсіздігіміздің алғашқы кезеңінде әртүрлі топтар (өзіміздегілер, кейбір сыртта жүргендер) қазақ ұлтының арқа сүйеп, өмір сүруіне негіз болып отырған тетіктеріне ашық шабуыл жасағанын білеміз. Ондай шабуылдардың нақты нысандары ұлттық тіл, ұлттық мемлекеттілік, қазақ халқының өз елінде «байырғы ұлт» аталу құқығы, «тарихи Отан» сияқты мәселелер төңірегінде болды. Олардың қай-қайсысы да ұлттың шын мәні мен тағдырын анықтайтын мәселелер. Осындай жымысқы саясатқа қарсы өзінің терең ойымен, дәлелді де өткір сөзімен қайраткерлігін Сәкең көрсете білді. «Орыстардың құқығын қорғау» деген сылтаумен Қазақстанда «қос азаматтық», ол болмаса «тіркелетін азаматтық» тәртібін енгізу керек дегендерге Салық Зиманұлы «былыққан азаматтық» (қос азаматтық, тіркелетін азаматтық және басқалары) қазақ мемлекетін түптің түбінде айықпас ауыр дерттің зардаптарына душар етері сөзсіз. Ең бастысы – Республика өзгелердің оңай олжа табатын айқара ашылған иесіз аймағына айналады, байлығымыз бен меншігіміз ұстағанның қолында, тістегеннің аузында кетіп, ашық-жарықта талан-таражға түседі» – деп халқын да, үкіметті де сақтыққа шақырған академик Зиманов болды. Мемлекеттік тіл туралы пікірталаста Сәкең: «орыс тілін мемлекеттік мәртебесі бар тіл ретінде қолданысқа енгізу мейлінше асығыстық болар еді. Өйткені, мұның өзі бүгінгі таңда қазақ ұлты тілінің біржолата жойылып кетуіне сөзсіз душар етеді. Ал тілі жойылған халықтың өзі де жойылады. Қазақ тілі кешегі кеңестік империя тұсындағы саясаттың салдарынан қолданыс аясынан қуылып шығарылды да, күнделікті отбасы-ошақ қасы тұрмыстық шеңберінде, немесе шағын бір салаларда, оның өзінде де шектеулі түрде қолданылатын болды. Қазір қазақ тілі адамдар арасындағы һәм ұлтаралық қатынас құра-

лының ауыр жүгін орыс тілімен қатар деңгейде алып жүре алмайды. Сондықтан да сол бұрынғы қай кездегіден де күштірек ығыстыруға душар болады. Тарихтың қоқыс-қалдықтарынан бір-ақ шығады» – деп екі тілге қатарымен мемлекеттік тіл дәрежесін беруге үзілді-кесілді қарсы шыққан болатын. Мен де жоғарыда айтылғандай Сәкең сияқты ағаларыма қарап бой түзеу жолында жүргендердің бірімін. Алдымен таныс, кейіннен сырлас болдық. Қазақ елінің бүгіні мен ертеңі туралы, ғылымның шығар таулары туралы талай пікір алыстық, Сәкеңнің тұңғық та терең, өте дәлелді болжамдарын естідім. Отбасымыз араласты. Сәкеңнің зайыбы, аса қадірлі Шәрбан апамыз өте бір парасаты мол, мейірімді жан еді. Текті атадан тараған, атақты Жарылғап батырдың ұрпағы Шәрбан Батталқызы Қазақстан ғылымының жетекші тобында болды, Ұлттық Ғылым академиясының толық мүшесі. XX ғасыр тарихында Қазақстан ғылымында ерлі-зайыпты екі академик шыққан екі-ақ отбасы болды. Бірі – Фазыл Мұхамедғалиұлы мен Нәйла Оразғұлқызы Базанованың отбасы, екіншісі Салық Зиманұлы мен Шәрбан Батталқызы еді. Ғасыр соңында тағы бір отбасы – Серік Смайылұлы Қирабаев пен Әлия Сәрсенқызы Бейсенова – ғылымда қос академик дәрежесіне ие болды. Бұлар ғылымның да, Қазақ елінің де жаңа замандағы қара шаңырақтары. Бетке ұстасақ беделі зор, арқаға ұстасақ панасы мол Салық Зиманұлы ағамыз бүгін тоқсанның төрінде. Ғылым сапарында да, ұлт намыскері ретінде де әлі ат үстінде. Табысы да, шабысы да әлі баяулаған жоқ. Іске сәт, алдағы күндеріңіз шуақты болсын дейміз, ардақты Сәке!

Кенжеғали САҒАДИЕВ, академик.

<https://egemen.kz/article/akyl-alyby>